



ҚАУЛЫСЫ
2022 ж. 04.01.

Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 1
город Шымкент

Шымкент қаласының
аумағында коронавирустық
инфекцияның таралуын
алдын алу бойынша шектеу
шараларын және карантин
режимін ұзарту туралы

Мен, Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Абдиманап Кошкарович Тулебаев, Қазақстан Республикасының 2020 жылдың 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 104 бабына, «2021-2022 оқу жылында білім беру үйімдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 тамыздағы №36 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №36), «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №38 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №38), «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен женілдету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №42 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №42), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 38 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 17 қыркүйектегі №43 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №43), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 20 қазандағы №47 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №47), «Ashyq» жобасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы

000096

№56 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №56), Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуын болдырмау жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы қарташасы, «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №293/2020 бұйрығына, «Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына сәйкес, COVID-19 сырқаттанушылығының және вирустық пневмония ауруының тіркелуінің жалғасуына байланысты және халық арасында коронавирустық инфекцияның таралуының одан әрі алдын алу мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Шымкент қаласында карантин режимі және коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу жөніндегі шектеу шаралары эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін ұзартылсын.

2. Шымкент қаласының тұрғындарына және қонақтарына:

2.1. «Ashyq» жобасына қатысатын нысандарда қызметкерлер мен келушілерде «жасыл мәртебе» болған жағдайда (вакцинация, сынама алған кезден бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тесті, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, соңғы 3 ай ішінде ауырып жазылған адамдар) адамдардың көп жиналудына (адам санын шектей отырып) байланысты іс-шараларды қоспағанда, адамдардың көп жиналудына байланысты кез келген іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын (туған күндер, мерей тойлар, шығарып салу, құдалық, той, беташар, мерекелік корпоративтер және басқа) тыйым салынсын;

2.2. 65 жастан асқан адамдардың қалада жүруі шектелсін;

2.3. қоғамдық орындарға (оның ішінде қалалық қоғамдық көлікте жүргенде) және қызметіне рұқсат етілген обьектілерге барған кезде, сондай-ақ, ашық ауада орналасқан қоғамдық орындарда болған кезде (5 жасқа дейінгі балаларды және ашық ауада спортпен шұғылдануды қоспағанда) бетперде кию, әлеуметтік қашықтықты сақтау және антисептикерді пайдалану жөніндегі талаптар қатаң сақталсын.

3. Шымкент қаласының әкімі, Шымкент қаласының білім беру басқармасына, барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру үйімдарына, мемлекеттік органдар, Шымкент қаласында меншік иесіне қарамастан үйімдар мен кәсіпорындар, занды тұлғалар және кәсіпкерлік субъектілер карантин кезеңінде келесі шараларды қамтамасыз етсін:

3.1. Шымкент қаласында әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметіне рұқсат беруді және шектеуді осы қаулының 1 және 2 қосымшаларына сәйкес іске асыруды;

3.2. сауда орындарында, халықта қызмет көрсету саласындағы нысандарда және адамдар көп жиналуға мүмкіндігі бар орындарда күнделікті дезинфекциялық іс-шараларды жүргізуді;

3.3. саяжайлардың, скверлердің, жағалаулардың жұмысын қалыпты режимде жүргізуді;

3.4. медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбілер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оналту орталықтарда, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оқу орындарында санитариялық-дезинфекциялық режимді сактауды қамтамасыз етсін. Әлеуетті ата-аналар берілген күнінен бастап 3 тәуліктен аспайтын уақыт өткен, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты немесе COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсын алғанын растайтын құжатты ұсынған кезде жетім балаларды одан әрі асырап алу, қорғаныштықты, қамқоршылықты белгілеу үшін олармен кездесуге сәбілер үйлері мен балалар үйлеріне баруға рұқсат етіледі.

Берілген күнінен бастап 3 тәуліктен аспайтын уақыт өткен, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты немесе COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсын алғанын растайтын құжатты ұсынған кезде келушілердің, ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының медициналық-әлеуметтік объектілерге (қарттар, мүгедектер үйлері, балалар үйлері және басқалар) баруына рұқсат етіледі;

3.5. 2021-2022 оқу жылында штаттық форматта барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында оқуды КР БМСД №36 қаулысына сәйкес қамтамасыз етілсін;

3.6. осы қаулының 1 қосымшасына сай жұмыс және демалыс күндері - «Ashyq» жобасына қатысатын бизнес объектілерінің жұмысына - сағат 03:00-ге дейін, «Ashyq» жобасының көшбасшыларының жұмысына - сағат 05:00-ге дейін;

Демалыс күндері қызметкерлер мен келушілерде «жасыл мәртебе» болған жағдайда (вакцинациялау; сынамаларды іріктеу сәтінен бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тестің болуы; КВИ-ге қарсы вакцинациялауға тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдердің болуы немесе КВИ-мен ауырып жазылған адамдар соңғы 3 ай ішінде) **жұмыс істеуіне жол беріледі.**

Осы тармақта көзделген «жасыл мәртебе» болуына және жұмыс режимін шектеуге қойылатын талап облысаралық және облысішлік тұрақты тасымалға, отельдерге, қонақ үйлерге, әуежайларға, теміржол, автомобиль вокзалдарына, автостанцияларға/автомобиль өту жолдарына, жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне, білім беру объектілеріне, ЖКО-ға, колледждерге, интернаттарға, білім беру ұйымдарының жатақханаларына және осы қаулының 2 қосымшасы

бойынша «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметіне қолданылмайды;

3.7. осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін қызметкерлер мен келушілерде қауіпсіз «жасыл» мәртебе болған жағдайда (вакцинациялау, сынама алған сәттен бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тест, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, ауырып жазылған адамдар соңғы 3 ай ішінде), жұмыс және демалыс күндері жұмыс режиміне шектеу жок;

3.8. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты мен саны бойынша шектеу арқылы қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат.

4. Шымкент қаласының әкімдігіне, Шымкент қаласының аудандарының әкімдіктеріне, Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына, Шымкент қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасына, Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аудандық басқармаларына, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасына, ҚР ДСМ «Ұлттық сараптама оргалығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалына, денсаулық сақтау субъектілеріне, меншік иесіне қарамастан жеке кәсіпкерлік субъектілеріне:

4.1. адамдардың аялдамаларда және қоғамдық көліктерде шоғырлануын болдырмау мақсатында қарбалас сәтте желіде көлік құралдарының (автобустардың, шағын автобустардың) саны көбейтілсін, қалған уақытта қозғалыстың біркелкі кестесі ұйымдастырылсын;

4.2. адамдар көп жиналатын жерлерді, соның ішінде қоғамдық көлікті, автобус аялдамаларын, аулалардағы балалар алаңдарын, басқа қоғамдық орындарын, қала аумағын дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, карантин аяқталғанға дейін залалсыздандыру жұмыстары күн сайын жүргізілсін;

4.3. Шымкент қаласының аумағында, мөлтек аудандардың, тұрғын үй алаптарының, көп қабатты тұрғын үйлердің, ұйымдардың аумағында және қоқысқа арналған алаңшалары жоспарлы түрде үнемі тазартылсын, күнделікті тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстар шығарылсын және қоқысқа арналған контейнерлерді тазартып, дезинфекциялау мен жуу жүргізілсін;

4.4. инфекциялық стационарлардың аумағын күнделікті дезинфекциялау құралдарын қолданып залалсыздандыру іс - шараларын жүргізу қамтамасыз етілсін;

4.5. тұрақты түрде, Шымкент қаласы бойынша меншік иесіне қарамай барлық зертханалық зерделеу ауқымын жүйелендіріп, ПТР тестілеудің, ПТР-зерттеу бойынша есебін, бірыңғай бағдарламаға енгізіп интеграциялаумен қамтамасыз етсін;

4.6. медициналық ұйымдарда аймақтандыруды, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтауды және жеке қорғаныш заттарымен қамтамасыз етілсін.

5. Меншік иесіне қарамастан Шымкент қаласының ұйымдары мен кәсіпорындарының басшыларына, жеке кәсіпкерлерге және жеке тұлғаларға карантин уақыты кезеңінде:

5.1. Халықта қызмет көрсету үшін көзделмеген үй-жайларда жалғыз болған қызметкерлерді қоспағанда, бетпердені пайдалану талаптары қатаң сақталсын;

5.2. қызметін жүзеге асыратын барлық нысандарда күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим қамтамасыз етілсін (қолды өндеуге арналған санитайзерлерді орнату, дезкілемшелерді төсөу, ғимараттың ішін залалсыздандыру құралдарын қолданумен күніне кемінде екі рет ылғалды жинау, желдету) жүргізілсін;

5.3. персоналдар мен келушілердің санитариялық-карантиндік талаптарды және шектеу шараларын сақтауы қамтамасыз етілсін, персоналдар мен келушілердің санитариялық-карантиндік талаптарды және шектеу шараларын сақтауына бақылау күшейтілсін;

5.4. атқаратын қызметі КР БМСДҚ бекіткен алгоритмдерге сәйкес жүргізілсін;

5.5. барлық нысандарда, оның ішінде қоғамдық көлікті, таксиде санитариялық-профилактикалық, санитариялық-эпидемияға қарсы және дезинфекциялық іс-шараларды жүргізу қамтамасыз етілсін;

5.6. қоғамдық көліктерде, таксилерде, өндірістік аймақтарда, азық-түлік және азық-түлік емес базарларда және басқа да қоғамдық орындарда санитариялық-дезинфекциялық өндеуді қамтамасыз етсін;

5.7. «Ashyq» жобасына қатысатын субъектілер қызметін, «Ashyq» жобасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы №56 қаулысына сәйкес жүзеге асырады.

6. Шымкент қаласының аудан әкімдері, Шымкент қаласы полиция департаментінің бастығына және Шымкент қаласының санитариялық- эпидемиологиялық бақылау департаментінің аудандық басқармаларының басшыларына:

6.1. әкімдіктер жанындағы мобилді топтардың күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық жұмыс режимін, эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтауға мониторингті және объектілерге ірікеп тексеру жүргізілсін;

6.2. карантин кезеңінде белгіленген шектеу іс-шараларын және басқа да талаптарды бұзу, орындау анықталған кезде, тиісті әкімшілік шаралар, оның ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерге сәйкес нысандардың қызметін тоқтата тұру жөнінде шаралар қолдансын.

7. Шымкент қаласының әкімдігі, Шымкент қаласы аудандарының әкімдіктері, Шымкент қаласының кәсіпкерлік және

индустримальды-инновациялық даму басқармасы, Шымкент қаласының санитариялық эпидемиологиялық бақылау департаментінің аудандық басқармалары, Шымкент қаласы полиция департаменті, Шымкент қаласының «Атамекен» өнірлік кәсіпкерлік палатасы, кәсіпкерлік субъектілері және жеке тұлғалар қамтамасыз етсін:

7.1. төмендегі ұйымдардың/объектілердің COVID-19-ға қарсы вакцинациялауды алмаған (соңғы 3 ай ішінде COVID-19-мен ауырып жазылған және тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды қоспағанда) қызметкерлер үшін күндізгі режимде жұмысқа жіберілуін шектеу:

- қызмет көрсету жөніндегі объектілердің (халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО), «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, екінші деңгейдегі банктер, қаржы нарығының объектілері, сақтандыру компаниялары, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, ломбардтар, сұлулық салондары, шаштараздар, химиялық тазалау орындары, кір жуу орындары, фитнес, спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары, СПА және массаж салондары/орталықтары/кабинеттері, моншалар, саunalар, бассейндер, жағажайлар, типографиялық көрсетілетін қызметтер, тігін ательесі, фотосалондар, аяқ киім шеберханалары, гүл дүкендері, аяқ киім, киім жөндеу, ұйымдастыру техникасын жөндеу жөніндегі сервис, нотариус, бухгалтер және консалтинг, маникюр және педикюр, косметологиялық қызметтерді көрсету жөніндегі объектілер, өзге де объектілер);

- халық тұтынатын өнімдердің және тауарлардың көтерме және бөлшек саудасы (сақтау) объектілерінің, оның ішінде базарлардың, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, сауда-оыйн-сауық орталықтарының, дүкендердің, шағын маркеттердің, супермаркеттердің, гипермаркеттердің;

- мәдениет және демалыс объектілерінің (музейлер, музей-қорықтар, кітапханалар, концерттік ұйымдар, филармониялар, театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, клубтар, галереялар, көрмелер, цирктер және басқа да мәдени-демалыс ұйымдары);

- халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы объектілердің (қонақ үйлер, отельдер, хостелдер, мотельдер, жатақханалар, кемпингтер және тағы басқалар);

- жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын ұйымдардың, әуежайлардың, теміржол, автомобиль вокзалдарының, автостанциялар/автоөтпе жолдарының, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің;

- білім беру және тәрбиелеу ұйымдарының, оның ішінде білім беру дамыту және түзету орталықтарының (ересектер мен балаларға арналған), оқу-өндірістік комбинаттардың және басқа да мектептен тыс ұйымдардың;

- санаторий-курорттық және сауықтыру мақсатындағы объектілердің (санаторийлер, демалыс үйлері/базалары/аймақтары, профилакторийлер,

балалардың сауықтыру лагерлері (мектеп жанындағы, қала сыртындағы), туристік базалар және басқалар);

- қоғамдық тамақтану объектілерінің, оның ішінде ұйымдастырылған ұжымдарда орналасқан, сондай-ақ тамақ жеткізуді жүзеге асыратын объектілердің, стрит-фудтардың;

- барлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік объектілердің (қарттар, мүгедектер үйлері, сәбилер үйлері және басқалары);

- денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде зертханалардың;

- дәріхана ұйымдарының;

- тіршілікті қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілерінің (сүмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, аумақтарды жинау және қалдықтарды шығару, үй-жайлар мен аумақтарды дезинфекциялық өндіре бойынша ұйымдар, авариялық-құтқару қызметтері, ПИК, МИБ және басқалары);

- экскурсиялық қызмет көрсететін ұйымдардың;

- демалыс объектілерінің, ойын-сауық ойын объектілерінің (компьютерлік клубтар, бильярд залдары, боулингтер, ойын-сауық орталықтары/саябактары, аттракциондар, аквапарктер, караоке, лотерея клубтары және лотерея билеттерін сату жөніндегі өзге де пункттер/нүктелер және басқалар);

- байланыс және телекоммуникация объектілерінің;

- өнеркәсіптік кәсіпорындардың және өзге де ұйымдастырылған ұжымдардың.

7.2. осы қаулының 7.1.тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың вакцинацияланбаған жұмыскерлері үшін (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) (7 күнде 1 рет) міндетті ПТР-тестілеу.

7.3. «InfoKazakhstan.kz» сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға сәйкестік Актісі негізінде нысандардың қызметін қайта бастауды;

7.4. қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін нысаннның кіреберісінде санитариялық нормаларға сәйкестік Актісін көрнекті жерге орнатуды;

7.5. шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде нысандардың жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін «InfoKazakhstan.kz» сайтында жұмысы туралы халықты, жеке және занды тұлғаларды хабардар етуді;

7.6. бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлердің уақтылы шаралар қабылдауы мақсатында шағымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін «InfoKazakhstan.kz» сайтын пайдалануды;

7.7. шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде нысандардың жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін «InfoKazakhstan.kz» сайтына орналастыруды;

7.8. кәсіпкерлік субъектілер «InfoKazakhstan.kz» сайтындағы нысанның паспортына келушілердің үй-жайларды жоспарлы толтыруы туралы мәліметтерді енгізу (шектеу іс-шараларын, оның ішінде ҚР БМСДҚ қосымшаларында айқындалған карантинді енгізу кезеңіндегі нысандардың қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес, 1 адамға белгіленген алаң ескеріле отырып айқындалады және енгізіледі);

7.9. нысандар белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес нысандарының қызметін қайта бастауға арналған Акті «InfoKazakhstan.kz» электрондық портал арқылы электронды түрде берілсін;

7.10.коронавирустық инфекциясын алдын алу мақсатында жұмысын қайта бастаған нысандарға, санитариялық-дезинфекциялық іс-шараларды және санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақтауы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

8. Шымкент қаласының әкімі, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы басшысына, Шымкент қаласының «Атамекен» өнірлік кәсіпкерлік палатасы, ұлттық компаниялардың, ұйымдардың, меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында осы қаулының 7.1. тармағында белгіленген салаларда қызметін жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың басшылары:

8.1. (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) COVID-19-ға қарсы вакцинаның бірінші және екінші компонентімен профилактикалық егулерді және ревакцинацияны жүргізуді ұйымдастырысын;

8.2. профилактикалық егулер мен ревакцинацияны жүргізу қажеттілігіне ерекше назар аудара отырып, COVID-19 жаңа коронавирустық инфекциясының профилактикасы мәселелері бойынша жұмыскерлер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейтсін.

9. Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы басшысына:

9.1. Шымкент қаласына вакцинаны жеткізудің жоспарланған көлемін ескере отырып **КВИ-ға қарсы вакцинациялауды және ревакцинациялауды жалғастырысын:**

- студенттерге;
- созылмалы аурулары бар адамдарға (қант диабеті, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары);
- тіркелген жері бойынша басқа адамдар.

10. ҚР ДСМ «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалына:

10.1. Шымкент қаласының білім басқармасының «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына және Шымкент қаласының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін «Самғау сенім орталығына» түсken тұлғаларды ПТР тестілеуімен тексеру қамтамасыз етілсін.

11. Күші жойылды деп танылсын:

11.1.Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 26.10.2021 жылғы №33 қаулысы;

11.2.Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 13.12.2021 жылғы №34 қаулысы.

12. Қаулының талаптарын, нысанды меншік иесіне қарамастан, барлық жеке және занды тұлғалардың орындауы міндettі.

13. Осы Қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын, барлық мұдделі ведомстволар мен ұйымдардың назарына жеткізілсін және әлеуметтік желілер арқылы таратылсын.

14. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өз күзырымда қалдырамын.

15. Осы Қаулы 2022 жылдың 5 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

**Шымкент қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



A.Tulebaev

Шымкент қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2022 жылғы 4 қаңтардағы
№1 қаулысына
1- қосымша

**Әлеуметтік - экономикалық объектілердің қызметін шектеу
өлшемшарттары**

	Объектілер/салалар	Жұмыс тәртібі	«Ashyq» жобасына қатысатын субъектілердің жұмыс тәртібі
1.	Өнеркәсіп	Қалыпты режимде	-
2.	Коммуналдық, теле-радио коммуникациялық және байланыс қызметі	Қалыпты режимде	-
3.	АЖБ бекеттері, АЖБ бекетіндегі дүкендер, автобөлшектер дүкендері	Қалыпты режимде	-
4.	Құрылыш (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	Қалыпты режимде	-
5.	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	Қалыпты режимде	-
6.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательеі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін	Қалыпты режимде	-

	қызметтер және т. б.)		
7.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сақтандыру компаниялары, зәң консультантары, адвокат, нотариус, бухгалтер, және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	Қалыпты режимде	-
8.	Гүл дүкендері, фотосалондар	Қалыпты режимде	-
9.	Медициналық үйымдар, дәріханалар	Қалыпты режимде	-
10.	Музейлер, кітапханалар	Қалыпты режимде	-
11.	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтері, косметикалық және косметологиялық қызмет көрсететін орындар (жазылу бойынша)	Қалыпты режимде	Қалыпты режимде
12.	Азық-тұлік дүкендері, шағын маркеттер	Қалыпты режимде	-
13.	Супермаркеттер, гипермаркеттер	Қалыпты режимде	-
14.	Азық-тұлік емес дүкендер	Қалыпты режимде	-
15.	Ашық базарлар (азық-тұлік, азық-тұлік емес), жәрменекелер	Қалыпты режимде	-
16.	Жабық базарлар (азық-тұлік, азық-тұлік емес)	Қалыпты режимде	Қалыпты режимде
17.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы үйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық үйымдар, демалыс	Қалыпты режимде	Қонақ үйлер, отельдер қалыпты режимде

	ўйлері/базалары, туристік базалар және тағы басқалар)		
18.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология	Қалыпты режимде, алдын ала жазылу бойынша	-
19.	Қоғамдық көлік	Қалыпты режимде (бетперделердің киілуі, қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, толымдылық отыратын орындар саны бойынша)	-
20.	ХҚКО	Қалыпты режимде	Қалыпты режимде
21.	Банктер, «Қазпошта» АҚ, бөлімшелері	Қалыпты режимде	Қалыпты режимде
22.	Мектепке дейінгі мекемелер	Қалыпты режимде	-
23.	Мемлекеттік органдар (ұйымдар), кеңселер, Ұлттық компаниялар және өзге де ұйымдар	Қызыметкерлерге COVID -19-ға қарсы вакцинациялау жүргізілген ұйымдар, оғистерді қоспағанда, 30% - қашықтықтан, 70% - күндізгі режимде, бұл ретте COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсын алған және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған барлық қызыметкерлердің күндізгі режимде жұмыс істеуіне жол беріледі	-
24.	Діни обьектілер	Толтырылуы 50%-дан артық емес, бір адамға	-

		кемінде 4 ш.м. камтамасыз етілгенде	
25.	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық таңдаулатамақтану объектілері (үй-жайда)	Тек сору-сыртқа шығару желдеткіші мен ауаның рецеркуляциясы жұмыс істеген кезде, толтырылуы 50%-га дейін, бірақ 50 орыннан асырмай, (келушілерге қызмет көрсету) жұмыс уақытын сағат 07:00 ден 02:00-ге дейін шектеумен	Тек сору-сыртқа шығару желдеткіші мен ауаның рецеркуляциясы жұмыс істеген кезде, толтырылуы 50%-га дейін, бірақ 70 орыннан асырмай, (келушілерге қызмет көрсету)
26.	Жазғы аландар	Жұмыс уақытын сағат 07:00 ден 02:00-ге дейін шектеумен (келушілерге қызмет көрсету)	Қалыпты режимде
27.	Асханалар типі бойынша қоғамдық таңдаулатамақтану объектілері (алкогольдік ішімдіктерді сатпайтын)	Қалыпты режимде (тәулік бойы)	Қалыпты режимде (тәулік бойы)
28.	Піскен тағамдарды, фастфуд, жұмсақ балмұздак, сусындар сататын орындарды қоса алғанда, Стрит-фудтар (жеке тұрған шатыр/ларек/отыратын орны жоқ дүнгіршек)	Әкету мен жеткізу қалыпты режимде.	-
29.	Моншалар	Қалыпты режимде	Қалыпты режимде
30.	Сауналар	Қалыпты режимде	Қалыпты режимде

31.	СПА-орталықтар, бассейндер	Қалыпты режимде	Қалыпты режимде
32.	Спорт кешендері, спорттық нысандар, спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар, йога-орталықтарды қоса алғанда	Қалыпты режимде	Қалыпты режимде
33.	Сауда алаңы 100 ш.м.-ге дейінгіні қоса алғанда (азық түлік емес) сауда желілері	-	Қалыпты режимде
34.	Мәдениет объектілері (дайындық)	50 адамға дейін	100 адамға дейін рұқсат, сондай-ақ екі компонентпен вакцинацияланған адамдар
35.	Театрлар, концерт залдары, филармониялар	Толтырылуы 30%-дан асырмай	Толтырылуы 50%-дан асырмай
36.	Облысаралық тұрақты және тұрақты емес (туристік) тасымалдар	75%-дан асырмай, бірақ 25 адамнан артық емес толтырылған кезде	Қалыпты режимде
37.	Қалалық тұрақты және тұрақты емес (туристік) тасымалдар	75%-дан асырмай, бірақ 25 адамнан артық емес толтырылған кезде	Қалыпты режимде
38.	Қалааралық/облысаралық тұрақты тасымалдар	Қалыпты режимде	Қалыпты режимде
39.	Бильярд	Толтырылуы 30%-дан артық емес	Толтырылуы 50%-дан артық емес
40.	Компьютерлік клубтар, PlayStation клубтарын қоса алғанда	Толтырылуы 30%-дан артық емес	Толтырылуы 60%-дан артық емес.
41.	Лоторея клубтар	Тыйым салу	Бір адамға кемінде 4 ш.м., бірақ 60 адамнан асырмай алаң қамтамасыз етілген кезде

42.	Букмекерлік конторлар	Тыйым салу	Бір адамға кемінде 4 ш.м., бірақ 60 адамнан асырмай алаң қамтамасыз етілген кезде
43.	Боулинг	Толтырылуы 30%-дан артық емес	Толтырылуы 50%-дан артық емес
44.	Цирктер	Толтырылуы 30%-дан артық емес	Толтырылуы 50%-дан артық емес
45.	Балалардың ойын-сауық орталықтары (жабық үй-жайлардағы ойын аландары, аттракциондар)	Толтырылуы 30%-дан артық емес, бірақ 50 адамнан асырмай	Аланы 1000 ш.м-ге дейін бір адамға кемінде 10 ш.м., бірақ 70 адамнан асырмай Алаңы 1000 ш.м-ден жоғары бір адамға кемінде 10 ш.м., бірақ 120 адамнан асырмай
46.	Ашық аудағы аттракциондар	Қалыпты режимде	-
47.	Балалардың сауықтыру үйимдары	Қалыпты режимде	Қалыпты режимде
48.	Көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	Толтырылуы 20%-дан артық емес	-
49.	Банкет залдары (ас беруді өткізу үшін)	Толтырылуы 30%-дан артық емес, бірақ 50 адамнан асырмай	Бір адамға кемінде 4 ш.м. қамтамасыз етілген, 50%-дан асырмай толтырылған кезде
	Банкет залдары (мейрамханалар және дәмхана типі бойынша қызмет көрсету үшін)	Тыйым салу	Толтырылуы 50%-дан артық емес, 70 орыннан аспайтын жағдайда
50.	Ойын клубтар (казино)	Тыйым салу	-
51.	Тұнгі клубтар	Тыйым салу	-

52.	Караоке	Тыйым салу	-
53.	Зоосаябақ	Тыйым салу	Қалыпты режимде
54.	Аквасаяжайлар, жағажайлар	Тыйым салу	-
55.	Жабық аквасаяжайлар, жағажайлар	Тыйым салу	-
56.	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік (банкеттер, тойлар, юбилейлер), сонымен қатар адам шоғыры көп болатын үйде және басқа жерде өткізетін іс-шаралар	Тыйым салу	-
57.	Көрмелер	Тыйым салу	-
58.	Марафондар (ашық ауда)	Тыйым салу	-
59.	Жоғары оқу орындарын, колледждерді және білім беру орталықтарын қоса алғанда, білім беру объектілері және түзету кабинеттері (қызметкерлер (персонал), 18 жастан асқан адамдар үшін), 18 жасқа дейінгілерді ерікті түрде тіркей отырып	Түзету кабинеттері, балалар мен ересектертерге арналған білім беру орталықтары қалыпты режимде	Қалыпты режимде
60.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары (жаттығулар)	-	-
61.	Әуежайлар, теміржол, автомобиль вокзалдары, автостанциялар/автомобиль өту жолдары, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері	-	Қалыпты режимде
62.	«Ашық» жобасына ерікті қатысушылар (киноиндустрия, үйымдар, кеңселер және т.б.)	-	Женілдіксіз

Шымкент қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2022 жылғы 4 қантардағы
№1 қаулысына
2- қосымша

**Қауіпсіз «жасыл» мәртебе бар болған кезде «Ashyq» жобасына
қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілер қызметінің
өлшемшарттары**

Объектілер/салалар		Қауіпсіз «жасыл» мәртебе бар болған кезде «Ashyq» жобасына қатысатын субъектілердің жұмыс тәртібі
1.	Салтанатты, ас беру, отбасылық іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар) өткізу	50%-ға дейін, бірақ 100 орыннан асырмай толтырған кезде
2.	Конференциялар, форумдар, адамдар көп жиналатын ойын-сауық және өзге де іс-шаралар	50%-ға дейін, бірақ 100 орыннан асырмай толтырған кезде
3.	Көрмелер	Толтырылуын 70%-дан асырмай, бірақ бір мезетте 500 келушіден асырмай
4.	Марафондар (ашық ауада)	1000 адамнан асырмай
5.	Көрермендер қатысатын спорттық іс-шаралар	Толтырылуын 80%-дан асырмай
6.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары (жаттығулар)	Толтырылуын 50%-дан асырмай
7.	Діни объектілер (жабық үйжайларда ұжымдық құдайға құлышылық ету)	Толтырылуын 50%-дан асырмай
8.	Ойын клубтары (казино)	Қалыпты режимде
9.	Тұнгі клубтар	50%-а дейін, бірақ 100 орыннан асырмай толтыранға кезде
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	Толтырылуын 80%-дан асырмай
11.	PlayStation клубтарын қоса алғанда компьютерлік клубтар	Толтырылуын 80%-дан асырмай

12.	Цирк	Толтырылуын 80%- дан асырмай
13.	Мәдениет объектілері (дайындық)	Қалыпты режимде
14.	Караоке	50%- ға дейін толтырған кезде, бірақ 100 адамнан асырмай
15.	Сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда алаңы 100 ш.м.-ден асатын (азық-түлік емес) сауда желілері	Қалыпты режимде
16.	Сауда алаңы 6000 ш.м-ден асатын (азық-түлік) сауда желілері	Қалыпты режимде